

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні «Ресурстарну және дәрілік өсімдік экологиясы»

Пән коды: RDOE 4301

БББ атауы және шифры: 6B10106 - «Фармация»

Оқу сағаттары / кредит көлемі: 120 (4 кредит)

Оқу курсы мен семестрі 4 курс, 7 семестр

Дәріс көлемі: 8 сағат

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

Дәріс кешені «Ресурstanу және дәрілік өсімдіктердің экологиясы» пәнінің жұмыс оку бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 16 «28» 06 2024 ж.

Кафедра менгерушісі, ф.ғ.к., проф.м.а.



Орынбасарова К.К.

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

№ 1 Дәріс

Тақырыбы: Ресурstanу және дәрілік өсімдіктердің экологиясы - ғылым ретінде және оның фармацевтің ғылыми білім жүйесіндегі орны

Мақсаты: пәннің міндеттері мен мақсаттары, дәрілік ресурstanудың нысандары туралы білімді қалыптастыру

3.Дәріс тезистері:

Қазақстан флорасында 6000 өсімдік түрлері бар. Олардың 100-ден астамы фармакопеялық өсімдіктер, басқа түрлері халық медицинасында колданылады. Қазақстанда медициналық қызмет көрсетудің дамуы химия-фармацевтикалық өндірісі мен дәріхана саласынсыз мүмкін емес. Осыдан химия фармацевтикалық препараттар өндіру және дәріханадан тікелей шығарылатын дәрілік шикізатқа деген қажеттілік артады.

Дәрілік ресурstanудың міндеттері.

1. жабайы өсетін дәрілік өсімдіктердің ресурстарын анықтау, ДӨШ қорын анықтау, олардың таралуы
2. ДӨШ дайындауды аудандарға бөлу
3. ресурstanу карталарын құру
4. ғылыми-дәлелденген аймақтық табиғи дәрілік өсімдік ресурсын қолдануды және қорғауды, дайындау жоспарын құруды ұсыну.

Бірінші кезекте зерттелетін нысандар

- a.Қызыл кітапқа енген өсімдіктер түрі
- b.эндемиялық түр
- c.тапшы шикізат өсімдік көзі

Ресурстық зерттеуге өзекті емес нысандарды анықтау

1. жабайы түрде дайындалмайтын, медициналық мақсатта мәдени түрге енгізілген өсімдіктер
2. ресурсын зерттеуге өзекті емес, қоры белгілі немесе қоры денсаулық сақтауға қолдануға қажеттіліктен бірнеше жұз есе көп шикізаттар
3. медицинада қолданылмайтын өсімдіктер

Әртүрлі нысандарды ресурстық зерттеу

1. интродукциялық өсімдіктер (ағашты өсімдіктер), жабайы өсімдік шикізатымен қатар қолданылатын
2. экспорттық маңызы бар өсімдіктер
3. жабайы өсетін тағамдық, жабайы өсетін жемісті және техникалық өсімдіктер
4. клиникалық зерттеуден өтіп жатқан перспективалық өсімдіктер
5. дайындау территориясындағы әртүрлі өсімдіктер түрлері

Ресурстық зерттеу алдындағы дайындық жұмыстары

5. анықтау мақсаты
6. жинауға керекті анықтамалар

Қазақстанда әртүрлі табиғи аймақтар және белдеулер бар және олардың флорасы және өсімдіктер ресурстары өте бай. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін халық шаруашылығының шикізаттық бағытта дамуы Қазақстан биосферасына өзінің үлкен зианын тигізді. Көмір, қара және тұсті метал, фосфорит және т.б заттарды өндірудің карқынды дамуы Қазақстанның көптеген облыс орталықтарында экологиялық ортаны бұзды. Олдарға қосымша тың және тыңайған жерлерді жалпы қайта жырту топырақ

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

қабаттарының бұзылуына апatty жағдайғa алып келді. Қазір Қазақстанда бұрынғы кезде кен тараған бетегелі-жусанды табиғи далаларды табу қыын.

Қазақстандағы ядролық сынақ полигонының көп жыл бойы қызмет жасауды Қазақстанның көптеген терриориясына, әсіресе Орталық Қазақстанның, Шығыс Қазақстанның экологиялық жағдайына үлкен зиянын тигізді. Экология - орта мен есімдіктердің бір - біріне әсері мен катынасы туралы ғылым. Әртүрлі орта факторларға атап айтқандажарыққа, ылғалдылыққа, температураға байланысты бірнеше экологиялық топтар ажыратылады.

4.Иллюстрациялық материал: мультимедияда презентациялар, кестелер.

5. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

Орынбасарова, К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау: оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет. с.

Келімханова, С. Е. Дәрілік өсімдік шикізатының фитохимиялық және тауарлық талдауы: оқу құралы - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014

Тоқсанбаева, Ж. С. Дәрілік ресурстару: оқу құралы / Ж. С. Тоқсанбаева, Ә. Қ. Патсаев, Т. С. Серікбаева. - Алматы : Эверо, 2015. - 112 бет с.

Токсанбаева, Ж.С. Лекарственное ресурсоведение [Текст] : учебное пособие / Ж. С.

Токсанбаева, А. К. Патсаев, С. К. Сейдалиева. - Алматы :Эверо, 2018. - 116 с.

Фармакогнозия. Экотоксиканты в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах: учеб. пособие / И. В. Гравель [и др.] ; М-во образования и науки РФ. - ; Рек. ГОУ ВПО Первый Московский гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 304 с.

Қосымша әдебиеттер

Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 194 с.

Тулемисов, С. К. Жонғар аюқулақ өсімдігін фармакогностикалық зерттеу] : фармация маманығы бойынша мед. ғыл. магистрі ... дис.: 6М110400 / ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары : фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы Джангозина Д. М. - Алматы : Эверо, 2014

Саякова, Г. М. Фармакогнозия: учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с. ил.

Электронды басылымдар

Тойшиева, Б. Қара андыз тамырларынан көмірқышқылдық экстракциялау арқылы экстракт алу және оны зерттеу [Электронный ресурс] : - Шымкент : Б. ж., 2013

Токсанбаева Ж.С., Патсаев А.К., Сейдалиева С.К. Лекарственное ресурсоведение. – Учебное пособие. –Алматы: Эверо, 2020. – с.

116.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/800/

Тоқсанбаева Ж.С., Патсаев Ә.Қ., Серікбаева Т.С.Дәрілікресурстану – Оқуқұралы – Алматы: Эверо,

2020. – 112 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/801/

Д.Қ. Айдарбаева. Қазақстанның пайдалы өсімдіктері (2-ші басылым). - Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 290 бет.<https://aknurpress.kz/reader/web/1046>

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

Практикум по ботанике : учебное пособие / составители С. Х. Вышегуров, Е. В. Пальчикова. — Новосибирск : Новосибирский государственный аграрный университет, 2013. — 180 с.]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/64767>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы)

1. Пәннің міндеттері мен мақсаттары
2. Дәрілік ресурstanудың нысандары
3. Дәрілік ресурstanулық зерттеулердің алдындағы дайындық жұмыстары
4. Дәрілік ресурстық жүргізуін алгоритмі
5. Негізгі геоботаникалық және ресурstanулық түсініктер және оларды ресурstanуда пайдалану

№2 Дәріс

1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы ресурстық аймақтар және ресурстық зерттеулердің перспективалары

2. Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы ресурstanулық зерттеулердің перспективі және ресурстық зоналарын анықтау, ресурстық потенциалын қалпына келтіру және олардың алуан түрлілігін сақтау, тиімді пайдалану және қорғау туралы білімдерін қалыптастыру.

3. Дәріс тезистері:

Қазақстанда әртүрлі табиғи аймақтар және белдеулер бар және олардың флорасы, өсімдіктер ресурстары өте бай. Қазақстан Республикасы үшін қазіргі кезде ең өзекті мәселе ол өсімдіктер әлемін, олардың ресурстық потенциалын қалпына келтіру және олардың алуантүрлілігін сақтау. Пайдалы өсімдіктерді тиімді пайдалану және қорғау. Оның екі жолы бар: өндірістік популяциясы бар жоғары өнімді участекелер есепке алыныу тиіс, және тұрақты бақылауда болуы керек; шикізаттық өсімдіктерді мәденилендіру. Қазақстанның ботаник-ресурстанушыларының алдында болашақта мынандай міндеттер тұр: Қазақстан және оның жеке региондары флорасында пайдалы өсімдіктердің биологиялық алуантүрлілігін зерттеуді жалғастыру әрбір жеке шикізаттық өсімдіктердің ресурстық сипаттамасын жасау, оның ішінде міндетті тұрде : экологиялық-фитоценотикалық; фитохимиялық ерекшеліктері, ресурстық көрсеткіштері; экономикалық бағасы; пайдаланудың тиімділігі болуы керек. өсімдіктер ресурсын тиімді пайдаланудың жүйесін жасау Республикада бар шикізаттар негізінде ұзақ жылдарға арналған бағдарлама жасау. бірыңғай ғылыми-өндірістік орталық құрушикізатты дайындауды бақылауда ұстау, жергілікті халық пайдаланатын жеке өсімдіктердің пайдалы қасиеттері туралы мәліметтер жинау, шаруашылық үшін бағалы қасиеттері және белгілері бар перспективті өсімдіктерді тереңірек зерттеу, шикізат ресурстары таусылған өсімдіктерді толық айырбастай алатын жаңа шикізат көздерін іздеу, ресурстардың сақтайтын зерттеу тәсілдерін, жинау технологиясын, шикізатты толық пайдаланудың қамтамасыз ететін тәсілдерді жасау, табигатта тапшы және сирек кездесетін пайдалы өсімдіктерді терең жерсіндіру жұмыстарын күштейту

4. Иллюстрациялық материалдар: мультимедияда презентациялар, кестелер.

5. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

Орынбасарова, К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау: оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет. с.

Келімханова, С. Е. Дәрілік өсімдік шикізатының фитохимиялық және тауарлық талдауы: оқу құралы - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2014

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

Тоқсанбаева, Ж. С. Дәрілік ресурstanу: оқу құралы / Ж. С. Тоқсанбаева, Ә. Қ. Патсаев, Т. С. Серікбаева. - Алматы : Эверо, 2015. - 112 бет с.

Тоқсанбаева, Ж.С. Лекарственное ресурсоведение [Текст] : учебное пособие / Ж. С. Тоқсанбаева, А. К. Патсаев, С. К. Сейдалиева. - Алматы :Эверо, 2018. - 116 с.

Фармакогнозия. Экотоксиканты в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах: учеб. пособие / И. В. Гравель [и др.] ; М-во образования и науки РФ. - ; Рек. ГОУ ВПО Первый Московский гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 304 с.

Қосымша әдебиеттер

Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҮР, 2019. - 194 с.

Тулемисов, С. К. Жонғар аюқұлақ өсімдігін фармакогностикалық зерттеу] : фармация маманығы бойынша мед. ғыл. магистрі ... дис.: 6M110400 / ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары : фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы Джангозина Д. М. - Алматы : Эверо, 2014

Саякова, Г. М. Фармакогнозия: учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с. ил.

Электронды басылымдар

Тойшиева, Б. Қара андыз тамырларынан көмірқышқылдық экстракциялау арқылы экстракт алу және оны зерттеу [Электронный ресурс] : - Шымкент : Б. ж., 2013

Тоқсанбаева Ж.С., Патсаев А.К., Сейдалиева С.К. Лекарственное ресурсоведение. – Учебное пособие. –Алматы: Эверо, 2020. – с.

116.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/800/

Тоқсанбаева Ж.С., Патсаев Ә.Қ., Серікбаева Т.С.Дәрілікressурstanу – Оқуқұралы – Алматы: Эверо,

2020. – 112 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/801/

Д.Қ. Айдарбаева. Қазақстанның пайдалы өсімдіктері (2-ші басылым). - Қарағанды: «АҚНҮР» баспасы, 2019. – 290 бет<https://aknurpress.kz/reader/web/1046>

Практикум по ботанике : учебное пособие / составители С. Х. Вышегуров, Е. В.

Пальчикова. — Новосибирск : Новосибирский государственный аграрный университет, 2013. — 180 с.]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/64767>.

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Қазақстанның ботаник-ресурстанушыларының алдындағы міндеттер
2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау үшін қазіргі кездегі ең өзекті мәселесі

№3 Дәріс

1. Тақырыбы: Дәрілік өсімдіктерді далалық зерттеу әдістері. Жабайы өсетін дәрілік өсімдіктердің қорын зерттеу

2. Мақсаты. Ресурstanулық зерттеу жүргізуі, өсімдік қорын анықтау, қорлдарды қалпына келтіру мерзімін есепке алумен жылдық дайындау көлемін есептеу, ресурсты ұтымды пайдалануды үйрену

3. Дәріс тезистері

Қазіргі таңда шикізат қорын анықтаудың екі әдісі бар: нақты алқапта және кілттік участке

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

әдісімен дәрілік шикізат қорын бағалау. Нақты алқапта қорларды анықтау шикізат ресурсы туралы дұрыс, бірақ толық емес мәлімет береді. Осы әдіспен алынған негіздер дайындауды ұйымдастыру үшін пайдалануға болады. Бұл әдіспен алынған мәліметтер төң ескіреді, бірнеше жыл бұрын табылған қоспалар болуы мүмкін. Кілттік уческе әдісімен дәрілік шикізат қорын бағалау аз дәлдік береді, бірақ негіздер толық және тұрақты болады. Оларды республика және облыс бойынша дайындау көлемін жоспарлау үшін пайдалану орынды. Бірақ дайындауды практикалық ұйымдастыру үшін олар аз ақпарат береді.

Дәрілік өсімдік шикізат қорын анықтауда екі шамамын – алқап аланын және оның өнімділігін (шикізат қорының тығыздығы) білу қажет.

Өнімділік – алаң бірлігінің шикізат қоры. Өнімділікті анықтау әдісін таңдауды бірнеше тәсілдермен анықтауга болады. Шикізат мүшесіне және оқылатын түрдің тіршілік формасына байланысты.

Есепке алу аланында өнімділікті анықтау үшін шикізат ретінде жер үсті мүшелерінің ірі емес шөпті және бұтақты өсімдіктер үшін жиі қолданылады.

Есепке алу аландары бір-бірінен белгілі қашықтықта барлық қоспаны қамту мүмкіндігі бойынша орналасады. Есепке алу аландарын типті орындарды таңдай отырып субъективті орналастыруға болмайды. Есепке алу аландар саны материалды статистикалық өндеу кезінде орташа арифметикалық қателік (m)-орташа арифметикалық алаң (m) 15 % аз құру үшін жеткілікті болу қажет. Оптималды жағдайда 15 алаң жеткілікті, біркелкі орналаспаған жағдайда олардың саны 50-ге жетеді. Шөпті, бұтақты түр үшін 0,25 тең 4 м² дейін аландар алынады.

Фитоценоз (грек *phyton* – өсімдік, *koinos* - жалпы) – өсімдіктер қауымдастыры — құрлықтың біртекті телімдерінде орналасқан, өзара және сыртқы ортамен тығыз әрекетте болатын өсімдіктер жынытығы. Олардың өздеріне тән құрылышы бар және сұрыптау нәтижесінде бір-бірімен және басқа ағзаларменен бірге белгілі бір жағдайда тіршілік ете алатын түрлерден құралады. Фитоценоз — ашық биология жүйе, яғни, адам мен гетеротрофты жануарларға қажетті органиктік зат өндірілетін биогеоценоздың негізгі бөлігі болып саналады. Фитоценоз зооценоз және микроценозben бірігіп **биоценоз** құрады.

Фитоценоздың қандай да бір өсімдігі өзіне қажетті ресурстарды (жарық, су, минералды қоректік заттар, т.б.) пайдаланып, тіршілік ортасын өзгертуінің нәтижесінде сыртқы ортаға зат алмасуға қажетті өнімдерді шығарады, топырақта және оның бетінде қурап қалған өсімдік қалдықтары ғана қалады. Бұл қалдықтар ерекше бір микроклиматтың құрылудың ықпал жасайды. Фитоценоз жыл бойына және жыл сайын өзгеріп тұрады.

Фитоценоздағы өсімдіктердің өзара қатынасы:

Фитоценозға кіретін әр өсімдік, биологиялық және морфологиялық ерекшеліктеріне байланысты қоршаған ортаға өзінің әсерін тигізеді.

Өсімдіктердің бір-біріне әсер ету жолдарын В.Н.Сукачев (1954) жасады. Фитоценозда бірге өмір сүретін өсімдіктердің бір-біріне әсер етуінің екі формасы бар: 1) тікелей немесе түйіскең (контактный)

2) трансбиотикалық немесе жанама (орта арқылы)

1) Тікелей әсер етуді механикалық және физиологиялық деп екіге бөлуге болады.

а) Механикалық тікелей – әрекеттестікке әр өсімдік фитоценозда орын алғанда, ол басқа өсімдіктердің осы жерге келіп орналасуына механикалық кедергі жасайды. Мыс: орманда ағаштардың бір-біріне қысымы нәтижесінде ағаш дінінің формасы өзгереді т.б.

б) Физиологиялық - екі өсімдік ұлпаларының бірігіп кетіп симбиозды немесе паразитизмді қарым – қатынаста өсуі

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

Өсімдіктердің жеке дамуының кезеңдері мен тіршілік күйлері

Тұқымнан(дәнімен) көбейетін көпжылдық өсімдіктерді жастық топтарға бөлудің негізіне олардың тіршілік циклдарын төрт кезенге бөлу жатады.

1. Жасырын(латентный)-бірінші тыныштық кезені
2. Виргинильдік(қыздық кезен)-тұқымның өсуінен бастап дербес организмнің генеративтік жолмен көбеюіне дейін.
3. Генеративтік кезен.
4. Сенильдік(кәрілік) кезен.

В.Н Сукачев (1935)“фитоценозды бір – бірімен және қоршаған ортамен әрекеттесетін өсімдіктер жиынтығы” деп түсіндіреді.

Б.А Быков (1978)“ Фитоценоз – бұл өздері жасаған ортаның жағдайында тұрақты, езін-еzi жөнге салатын организмдердің бірлесіп өмір сұру формасы” деп анықтама берді.

Б.М Маркин (1986)“Фитоценоз – ортаның жағдайына қатынасы ұқсастығына байланысты автотровты өсімдіктердің популяциясының жиынтығы.

А.П.Шенников (1964) фитоценоздың қалыптасу процесін үш сатыга бөледі :

Өсімдіктердің қандай түрлерінің пайда болуы көп себептерге байланысты :

- 1) экотопка (климат, субстрат қасиетіне).
 - 2). Экотопты қоршаған участкерлердің флорасына (жел, су адам арқылы споралар, өсімдіктер бастамалары келіп түседі).
 - 3). Қоршаған участкерлердің флорасының тарихына егер бұрын мәдени өсімдіктер егілген участкер болса онда арам шөптер топырақта өздерінің тұқымын қалдырып кетуі мүмкін.
- Клементс (Миркин Розенберг 1983) фитоценоздың қалыптасуында мынадай фазаларды ажыратты :**
- 1). Өсімдіктер бастамаларының бос субстратқа миграциясы :
 - 2). Эцезис немесе мигранттардың өніп, тамырланып жана жерде орнығуы.
 - 3). Агрегация немесе мигранттардың аналық особьтарының айналасында ұрпақ топтарының пайда болуы.
 - 4). Инвазин немесе мигранттардың бір тобының екінші топтарға араласып өнуі
- 4. Иллюстрациялық материалдар:** мультимедияда презентациялар, кестелер.

5. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

Орынбасарова, К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау: оку құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет. с.

Келімханова, С. Е. Дәрілік өсімдік шикізатының фитохимиялық және тауарлық талдауы:оку құралы - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014

Тоқсанбаева, Ж. С. Дәрілік ресурстару: оку құралы / Ж. С. Тоқсанбаева, Ә. Қ. Патсаев, Т. С. Серікбаева. - Алматы : Эверо, 2015. - 112 бет с.

Тоқсанбаева, Ж.С. Лекарственное ресурсоведение [Текст] : учебное пособие / Ж. С.

Тоқсанбаева, А. К. Патсаев, С. К. Сейдалиева. - Алматы :Эверо, 2018. - 116 с.

Фармакогнозия. Экотоксиканты в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах: учеб. пособие / И. В. Гравель [и др.] ; М-во образования и науки РФ. - ; Рек. ГОУ ВПО Первый Московский гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 304 с.

Қосымша әдебиеттер

Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 194 с.

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

Тулемисов, С. К. Жоңғар аюқулақ өсімдігін фармакогностикалық зерттеу] : фармация маманығы бойынша мед. ғыл. магистрі ... дис.: 6М110400 / ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары : фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы Джангозина Д. М. - Алматы : Эверо, 2014

Саякова, Г. М. Фармакогнозия: учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с. ил.

Электронды басылымдар

Тойшиева, Б. Қара андыз тамырларынан көмірқышқылдық экстракциялау арқылы экстракт алу және оны зерттеу [Электронный ресурс] : - Шымкент : Б. ж., 2013

Токсанбаева Ж.С., Патсаев А.К., Сейдалиева С.К. Лекарственное ресурсоведение. – Учебное пособие. –Алматы: Эверо, 2020. – с.

116.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/800/

Токсанбаева Ж.С., Патсаев Э.К., Серікбаева Т.С.Дәрілікресурстану – Окуқұралы – Алматы: Эверо,

2020. – 112 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/801/

Д.Қ. Айдарбаева. Қазақстанның пайдалы өсімдіктері (2-ші басылым). - Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 290 бет<https://aknupress.kz/reader/web/1046>

Практикум по ботанике : учебное пособие / составители С. Х. Вышегуров, Е. В.

Пальчикова. — Новосибирск : Новосибирский государственный аграрный университет, 2013. — 180 с.]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/64767>.

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Фитоценоздың флористикалық құрамы
2. Өсімдіктің қандай тіршілік кезеңін білесіндер?
3. Фитоценоздың геоботаникалық сипаттамасының сыйбасын келтіріндер.
4. Өсімдік жабынының динамикасы. Фитоценоздың жіктелуі.

№4 Дәріс

1. Тақырыбы: Әртүрлі морфологиялық топтағы дәрілік өсімдік шикізатын жинаудың ұтымды тәсілдері. Дәрілік өсімдік ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану

2. Мақсаты. Ресурstanулық зерттеу жүргізуі, өсімдік қорын анықтау, қорларды қалпына келтіру мерзімін есепке алumen жылдық дайындау көлемін есептеу, ресурсты ұтымды пайдалануды, әртүрлі морфологиялық топтағы дәрілік өсімдік шикізатын жинау ережелерін үйрену

3. Дәріс тезистері

Негізгі морфологиялық топтарды дайындау ережесі

Шөбі. Шөпті гүлдеп бастағанда, бүршіктенгенде, толық гүлдегендеге немесе гүлдеп біткен соң, жемістері түскеге дейін немесе пісу барысында пышақпен, қайшымен, орақпен, машинамен әдетте 15-40 см етіп жинайды. Шөпті жинап немесе орып болған соң ондағы қоспаларды тазартады. Қажет болғанда өсімдіктің төменгі ағаштанып кеткен бөліктерін шауып бөліп тастайды. Біржылдық өсімдіктердің тамырлары топтырақ бетіне жақын орналасады, оларды тамырымен жұлдып алады. Жапырақтарын шіріген бөліктерінен тазалап отырады.

Жапырақтары. Шикізаттың түріне байланысты жапырақтарды толық формаға келгенде, әдеттегүлдей фазасында қолмен, сағақты және сағақсыз немесе оның бөліктерін

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

теріп жинайды. Кейбір ұсақ жапырақтарды бұташығымен немесе бұтін шөбімен бірге жинайда да, кептіріп болғаннан кейін жапырақтарын жұлышп терең (аюқұлақ). Егер шикізаты тамыржапырақтары болатын болса (мысалы, мендуана жапырақтарында), оларды тамырларына зиян келтірмей кесіп жинайды. Ирі шөптесін өсімдіктерде (мысалы, итжидекте) қос жапырақтардың ірі жақсы дамығандарын жинайды. Бұл кезде өсімдіктің жоғары ұшын кесіп, шөбі ретінде пайдаланады (галенді препаратор өндірісі үшін).

Гүлдері. Гүлдерді толық гүлдегенде немесе гүлдеу барысында жинайды. Гүлді шикізаттарды жинау техникасы гүлдердің өлшеміне, орналасуына (жеке гүлдері немесе гүл шоғыры), гүл шоғырының типіне және т.б. байланысты. Сиыр құйрықтың гүл тәжін оларды гүлінен қолмен жұлышп алады, ыргайдың гүлдерін – қалқанша гүл шоғырын кесіп жинаған дұрыс. Дәрілік түймедақтың гүл себеттерін арнайы тарақпен теріп жинайды. Ағаш өсімдіктердің гүлдерін (жәке ағашы) сатыны пайдаланып, гүлдеп тұрған жоғары ұшын қайшымен кесіп жинайды. Дермене жусанның гүл қауыздарын машинамен орып алғып, кейіннен оларды бастырып жинайды.

Жемістері мен тұқымдары. Жемістерді құрғақ немесе етті сипатына қарай әр түрлі әдістермен жинайды. Етті жемістерді толық пісіп жетілген фазада таңертең ерте немесе кешке, құрғақ же, містерді жерге түсіп қалмауы үшін 60-70 пайыз пісіп жетілгенде жинайды. Шөптесін өсімдіктердің құрғақ жемістері мен тұқымдарын шөбінің жер үсті бөліктерін орақпен орып жинайды. Жиделерін жеміс аяқтарымен немесе оларсыз қолмен теріп жинайды. Шырғанақ жемістері мен аршаның жемістерін күзде алғашқы суықтан кейін бұталарды сілкіп жинайды. Ағаш өсімдіктердің сөлді жемістерінің (шетен, мойыл) жеміс серігін сатыны пайдаланып жинайды.

Шатыршагүлділердің жемістерін (феникулум, анис, зіре, кориандр) арнайы комбайндарды пайдаланып жинайды.

ДӘ жер асты бөліктері: тамырлары, тамырсабақтары, тамыр түйнектері. Жер асты бөліктерін күзде сола бастағанда немесе ерте көктемде вегетацияға дейін құрекпен, кетпен шоттар мен айырмен қазып жинайды. Топырақ ерекшелігіне, жиналатын өсімдіктің өсу жағдайына байланысты құралды таңдаң отырады. Мысалы, иірдің тамырсабақтарын топырақтан тек айырдың көмегімен, ал зияғулдің тамырсабақтарын таудың тасты топырағынан тек сүйменмен және мықты шоттың күшімен ғана босатып жинай алады. Кейбір тамырларды жұлу үшін жинаушылар тек қатты құрыштан жасалынған құректерді пайдаланады.

Амударья өзенінің жағасындағы жайылмалардағы мия тамырларын тракторлардың терең қазатын соқаларын пайдаланып жинайды. Ол үшін алдымен жер үсті бөліктерін орып алады.

Қабығы. Ағаштарда сөл жұру кезеңінде қабығы өзектен онай ажыратылатын кезде жинайды. Бақша пышағымен діңгек пен бұталардың қабығына 20-25 см арақашықтықта сақина тәрізді көлденең кесінділер жүргізеді және үстінгі кесіндіден төмен қарай 2-3 тік кесінділер жасайды. Осылай біраз уақытқа солдыру үшін қалдырады да, содан кейін қабығын сыйырады.

Бүршіктері. Бүрлерді қыстың аяғында немесе ерте көктемде енді ісіне бастағанда демек тыныштық фазасында түрлі әдістермен жинайды: қарагай бүрлерін бірден қабық астынан кесіп алады; қайың бүрлерін сыптырығы дайындау кезінде бұталарынан жұлышп жинайды; терек бүрлерін бүршіктерін жоғарыдан төмен қарай басып, бұталарынан жәймен жұлышп жинайды.

Шикізатты алғашқы өндеуден өткізіп болғаннан кейін кептіруге жібереді. Жинаушылар бұл жұмысты өз құштерімен жасауға тырысады немесе тез арада шикізатты

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

орталықтанған көптіру орындарына жібереді

Қазақстанның көптеген региондары, территориялары экологиялық апatty аймақтарға жатқызылғаны және тез қалпына келтіруді қажет ететіндігі Бұл процестің бір көрінісі – ол Қазақстан Қызыл кітабына 190 шамасында өсімдік түрлері кірген болса, 2009 жылы шығатын Қызыл кітапқа 400-ден астам өсімдіктер түрлері кірген. Бұл әрине тірі табиғат үшін апatty жағдай.

Қазақстан Республикасы үшін қазіргі кезде ең өзекті мәселе - ол өсімдіктер әлемін, олардың алуан түрлілігін сақтау, ресурстық потенциалын қалпына келтіру.

Пайдалы өсімдіктерді тиімді пайдаланып, қорғап сақтаудың екі негізгі жолы бар:

1.Өндірістік популяциялары бар жоғары өнімді участеклер есепке алынуы және тұрақты бақылауда болуы керек.

2.Шикізаттық өсімдіктерді мәденилендіру. Бірақ та пайдалы өсімдіктерді мәделилендіру процесі өте ұзақ және шығыны көп, әгни экономикалық жағынан тиімсіз. Әйткені оларға суарылатын, құнарлы топырақты жер керек.

Ал біздік Республикамызда мұндай жерлер өте аз.

– бүгінгі күннің талабы.

4. Иллюстрациялық материалдар: мультимедияда презентациялар, кестелер.

5. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

Орынбасарова, К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау: оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет. с.

Келімханова, С. Е. Дәрілік өсімдік шикізатының фитохимиялық және тауарлық талдауы:оқу құралы - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014

Тоқсанбаева, Ж. С. Дәрілік ресурстару: оқу құралы / Ж. С. Тоқсанбаева, Ә. Қ. Патсаев, Т. С. Серікбаева. - Алматы : Эверо, 2015. - 112 бет с.

Тоқсанбаева, Ж.С. Лекарственное ресурсоведение [Текст] : учебное пособие / Ж. С.

Тоқсанбаева, А. К. Патсаев, С. К. Сейдалиева. - Алматы :Эверо, 2018. - 116 с.

Фармакогнозия. Экотоксиканты в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах: учеб. пособие / И. В. Гравель [и др.] ; М-во образования и науки РФ. - ; Рек. ГОУ ВПО Первый Московский гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 304 с.

Қосымша әдебиеттер

Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 194 с.

Тулемисов, С. К. Жонғар аюқулақ өсімдігін фармакогностикалық зерттеу] : фармация маманығы бойынша мед. ғыл. магистрі ... дис.: 6М110400 / ОҚМФА. - Шымкент : Б. ж., 2013.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары : фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы Джангозина Д. М. - Алматы : Эверо, 2014

Саякова, Г. М. Фармакогнозия: учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с. ил.

Электронды басылымдар

Тойшиева, Б. Қара андыз тамырларынан көмірқышқылдық экстракциялау арқылы экстракт алу және оны зерттеу [Электронный ресурс] : - Шымкент : Б. ж., 2013

Тоқсанбаева Ж.С., Патсаев А.К., Сейдалиева С.К. Лекарственное ресурсоведение. – Учебное пособие. –Алматы: Эверо, 2020. – с.

116.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/800/

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

Тоқсанбаева Ж.С., Патсаев Э.Қ., Серікбаева Т.С.Дәрілікресурстару – Оқуқұралы – Алматы: Эверо,

2020. – 112 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/801/
Д.Қ. Айдарбаева. Қазақстанның пайдалы өсімдіктері (2-ші басылым). - Қарағанды: «АҚНҮР» баспасы, 2019. – 290 бет<https://aknurpress.kz/reader/web/1046>

Практикум по ботанике : учебное пособие / составители С. Х. Вышегуров, Е. В. Пальчикова. — Новосибирск : Новосибирский государственный аграрный университет, 2013. — 180 с.]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/64767>.

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Дәрілік өсімдік шикізаттарының негізгі морфологиялық топтарын дайындау ережесі
- 2.Шөптерді жинау ережесі
3. жапырақтарды жинау ережесі
4. Гүлдерді жинау ережесі
5. Жемістер мен тұқымдарды жинау ережесі
6. Дәрілік өсімдіктердің жер асты бөліктерін жинау ережесі

№5 Дәріс

1. Тақырыбы: Дәрілік өсімдікті мәдени өсіру және жинаудың тиісті практикасы (GACP) бойынша БДС басқарушылық ұстанымдары

2. Мақсаты. Ресурstanулық зерттеу жүргізуі, өсімдік қорын анықтау, қорларды қалпына келтіру мерзімін есепке алumen жылдық дайындау көлемін есептеу, ресурсты ұтымды пайдалануды үйрену

3. Дәріс тезистері

Есепке алу аландарында жұмыс істей. Өсімдік өнімділігі алаң бірлігіне экземпляр санына және олардың даму дәрежесіне байланысты.

Сондықтан әртүрлі зерттеулермен алынған негіздерді әрбір есепке алу аландарында салыстыру үшін проективті бүркеу проценттін анықтайды.

Өнімділік –шикізаттың тауарды фитомасса көлемі, сондықтан закымдалған экземпляры жинауға болмайды. Алаңнан жиналған шикізатты дереу өлшейді проценттін анықтайды.

Дәрілік өсімдік шикізаттың қорын анықтау үшін екі шаманы-қопа ауданы мен шикізат өнімділігін (қорының тығыздығын) білу қажет. Ресурstanулық жұмыстардың негізгі 2 әдісі бар:нақты қопалардағы қорларды анықтау және шикізат қорларын “көз” участкерлері әдісімен бағалау.

Нақты қопалардағы қорларды бағалау зерттелінген алаптар үшін ең дұрыс, бірақ, жалпы алғанда орта (барлық зерттелінетін аймақ үшін) мәліметтер береді. Мұндай жолмен алынған мәліметтерді дайындауды ұйымдастыру үшін пайдаланған дұрыс, бірақ олар ұзақ мерзімді ресурстық болжаулар үшін жеткіліксіз болады және салыстырып қарағанда жылдам ескіреді.

Іс жүзінде өнімділікті анықтау:есептік аландарды пайдалану әдісімен, үлгілік даналар әдісімен және нұсқа жабумен анықтау негізінде іске асырылады.

Шикізат қорларын бағалау әдісін тандау зерттеу міндеттеріне, картографиялық материалдардың бар болуына, зерттелінетін түрлердің экологиялық сипаттамасына, өсімдіктердің тіршілік формасының ерекшеліктеріне және шикізат ретінде пайдаланылатын бөлікке байланысты келеді

ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()

Өсімдік шикізатының қорлары, олардың анықталу тәсілі бойынша нақты, болжамдық және барлаушылық болып бөлінеді. Нақты қорлар, нақты өнімділік пен қопалардың нақты аудандарының көрсеткіштері негізінен анықтау (зерттеу) жүргізген жылға ғана жарамды болады. Бұл көрсеткіштер метеорологиялық жағдайларға тәуелді, мысалы жауған шөгінділер санына, ауаның температуралық режиміне. Қорлардың, өнімділіктің және ауданның қалған барлық бағалаулары жоспарлық болады.

Кейінгі ресурстық жұмыстарды жүргізу перспективтілігін алдын ала бағалау үшін шамамен бағдар болуға жарайтын шикізаттың барлаушылық қорының көрсеткіштері ерекше орын алады.

Алдын ала жүргізетін қажетті өлшеулерсіз, есептеулер мен өлшемдерсіз қорларды субъективті, көзбен шамалап анықтауға жол берілмейді, себебі ол үлкен қателерге экеп соқтыруға мүмкін.

